

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 42 бүйрүғына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің м.а. 2018 жылғы 13 маусымдағы № 237 бүйрүғы

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 42 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9795 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

14 - тармақта:

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) мерзімдер мен орындалуына жауапты адамдар көрсетілген, сондай-ақ электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсаты жоқ және электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулерден өтпеген персоналды жұмыстан шеттету туралы белгіленген үлгідегі нұсқама береді;";

53) тармақша алып тасталсын;

16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Комитеттің төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындастын және лауазымнан босататын Комитет төрағасының орынбасарлары болады.";

19 - тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

Төрағаның орынбасарларын, Комитеттің аумақтық органдарының басшылары мен басшылардың орынбасарларын қоспағанда, Комитеттің қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық органдарының қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;";

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Комитеттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарды;

еңбек шарты негізінде қызметтің Комитетте жүзеге асыратын адамдарды жұмысқа қабылдауды және еңбек шартын тоқтатуды жүзеге асырады;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Төрағаның орынбасарларын және Комитеттің аумақтық органдарының басшыларын қоспағанда, Комитеттің қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық органдарының қызметкерлерін;

техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Комитеттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарды;

еңбек шартының негізінде қызметтің Комитетте жүзеге асыратын адамдарды іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелесу, ұстемеақылар төлеу, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;";

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Төрағаның орынбасарларын, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен басшылардың орынбасарларын қоспағанда, Комитеттің қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық органдарының қызметкерлерін;

техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Комитеттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарды;

еңбек шартының негізінде қызметтің Комитетте жүзеге асыратын адамдарды тәртіптік жаупкершілікке тарту мәселелерін шешеді;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Комитеттің аумақтық органы басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Комитеттің аумақтық органдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға;

еңбек шартының негізінде қызметтің Комитеттің аумақтық органдарында жүзеге асыратын адамдарға материалдық көмек көрсету, көтермелесу, ұстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру туралы мәселелерді шешеді;";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің тиісті облыс, Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органы – аумақтық департаменті туралы ережеде :

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Департаменттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің тиісті облыс, Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық департаменті" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Государственное учреждение "Территориальный департамент Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по соответствующей области, городов Астаны, Алматы".";

15-тармақта:

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) мерзімдер мен орындалуына жауапты адамдар көрсетілген, сондай-ақ электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсаты жоқ және электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулерден өтпеген персоналды жұмыстан шеттету туралы белгіленген үлгідегі нұсқама береді";

17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Департамент басшылығын Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Департамент басшысының штаттық кестеде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындаитын және лауазымнан босататын орынбасары болады.";

20-тармақта:

1) тармақша алып тасталсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Департаменттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарды;

еңбек шартының негізінде қызметтің Департаментте жүзеге асыратын адамдарды жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады, еңбек демалысын беру, іссапарға жіберу және тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді, сондай-ақ еңбек шартын тоқтатуды жүзеге асырады;

4) Комитет төрағасына:

Департамент қызметкерлеріне;

техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Департаменттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға;

еңбек шартының негізінде қызметтің Департаментте жүзеге асыратын адамдарға материалдық көмек көрсету, көтермелеу, үстемдік төлеу және сыйлықтау беру туралы ұсыныс енгізеді;";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.".

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып, Астана қаласының Әділет департаментіне хабарлауды;

3) осы бұйрықты оның қолданысқа енгізілген күннен бастап он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігінің
міндеттін атқарушы

М. Досмұхамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК